

«12» қараша 2024 ж.

№ 2015 хатқа қосымша



«Қ. БІТІБАЕВАНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ- ӘДІСТЕМЕЛІК СЕМИНАРЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер! «Құрмет» орденінің иегері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, Бүкілодақтық Крупская медалінің, «Ы. Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, Моңғол Халық Республикасының «Даңқты ұстаз» атағының иегері, АҚШ-тың Аризона штаты, Тусон қаласының құрметті азаматы, Педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті академигі, Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО клубтары Федерациясының мүшесі Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның педагогикалық әдістемесіне арналған «Қ. Бітібаеваның әдістемесі және қазақ әдебиетін құндылық бағдарлы оқыту мәселелері» республикалық ғылыми-әдістемелік семинарына (бұдан әрі – семинар) қатысуға шақырамыз.

I. СЕМИНАР ЕРЕЖЕСІ

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі – орталық) «Қ. Бітібаеваның әдістемесі және қазақ әдебиетін құндылық бағдарлы оқыту мәселелері» республикалық ғылыми-әдістемелік семинарын өткізеді.

Семинарға Қ. Бітібаева атындағы республикалық ғылыми-әдістемелік зертхана филиалдары, Астана қаласының ТЖКБ, орта білім беру ұйымдарының педагогтері, ЖОО оқытушы-профессорлары, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, ұстаздың шәкірттері қатысады.

Форматы: офлайн

Жұмыс тілі: қазақ тілінде

Өтетін мерзімі: 2024 жылдың 30 қараша күні, сағат 8.30-14.30.

Қатысушыларды тіркеу: 8.00-8.30

Өтетін орны: Астана қаласы әкімдігінің «№72 мектеп-лицей» ШЖҚМҚК, А. Байтұрсынұлы көшесі 25.

II. СЕМИНАРДЫҢ МАҚСАТ-МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты: Қ.О. Бітібаеваның әдістемесін қолдана отырып, қолданыстағы білім беру бағдарламасына сай қазақ әдебиеті пәнін оқытуда құндылық бағдарлы оқыту мәселелерін қарастыру.

Міндеттері:

- Қ. Бітібаева атындағы зертхана жұмыстарының тәжірибесін тарату;
- инновациялық технологияның тиімді жолдарын іздестіру;
- қазақ әдебиеті пәнінің оқытылуын жетілдіру;
- ұстаздарды шығармашылық, педагогикалық ізденушілікке тарту;
- республикалық озық педагогикалық тәжірибе алаңын ұйымдастыру.

III. ТАНЫМДЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК СЕМИНАР ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫ МЕН ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

Ұйымдастырушы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері Жанар Маман Сейтахметқызы, №72 мектеп-лицей, №64 мектеп-лицей қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі, №72 МЛ жанынан ашылған оқу-әдістемелік кабинет жетекшісі Адилбекова Жанар Советхановна.

Қатысушылар:

3.1. Қ. Бітібаеваның шәкірттері, ЖОО оқытушы-профессорлары, ғалымдар, қоғам қайраткерлері.

3.2. Қазақстан Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясының мүшесі Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева атындағы республикалық ғылыми-әдістемелік зертхана филиалдары:

1. Абай облысы білім басқармасының Абай ауданы бойынша білім бөлімінің «Жалпы білім беретін Қарауыл гимназиясы» КММ

2. Абай облысы Аягөз қаласы «Мектеп жанындағы интернаты бар жалпы орта білім беретін №6 мектебі» КММ

3. Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Ыбырай Алтынсарин атындағы №37 гимназиясы» КММ

4. Абай облысы Аягөз қаласы «Қалалық көпбейінді қазақ мектеп-гимназиясы» КММ

5. Абай облысы Жарма ауданы Қалбатау ауылы «Абай атындағы көпсалалы мектеп- гимназиясы» КММ

6. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Алтай ауданы бойынша білім бөлімінің «Алтай қаласының №9 орта мектебі» КММ

7. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Марқакөл ауданы бойынша білім бөлімінің «Құмаш Нұрғалиев атындағы гимназиясы» КММ

8. ШҚО Білім басқармасы Тарбағатай ауданы білім бөлімінің «Қ. Билялов атындағы мектеп-лицейі» КММ

9. Астана қаласы әкімдігінің «Сұлтанбек Қожанов атындағы №64 мектеп-лицейі» ШЖҚМҚК

10. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «№3 Күршім гимназиясы» КММ

11. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Глубокое ауданы бойынша білім бөлімінің «Оралхан Бөкей атындағы қазақ орта мектебі» КММ

12. Абай облысы Көкпекті ауданы бойынша білім бөлімінің «Көкпекті орта мектебі» КММ

13. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Риддер қаласы бойынша білім бөлімінің «Шаңырақ» көпсалалы мектеп- гимназиясы» КММ

14. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Абай атындағы орта мектебі» КММ

15. Абай облысы Ақсуат ауданы бойынша білім бөлімінің «Қожагелді батыр атындағы орта мектебі» КММ

16. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп- лицейі» КММ

17. Астана қаласы, «№72 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы КММ;

18. Өскемен қаласы, «Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі»

3.3. «Қ. Бітібаева әдістемесі» шығармашылық топ мүшелері

3.4. Қалалық Педагогтер қауымдастығы мүшелері

3.5. Астана қаласы бойынша орта білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері.

IV. СЕМИНАРДЫҢ ӨТУ ТӘРТІБІ

Семинар төрт кезеңнен тұрады.

4.1. I кезең: «Ұстаз еңбектері сөйлейді» кезеңінде 3D кітаптар көрмесі ұйымдастырылады. Көрмеде Қанипа Омарғалиқызының «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары», «Оқушыларды ғылыми жұмысқа баулу», «Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту», «Мектепте Абайды танытудың жаңашыл әдістемесі», «Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы» орта мектептерде әдебиетті оқыту әдістемесіне арналған оқулықтарына, оқу құралдарына талдау, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

4.2. Өтетін уақыты: 9.00-9.30

4.3. Өтетін орны: мектептің 1-қабаты

4.4. II кезең: «Зерттеу алаңы» кезеңінде Қ. Бітібаеваның оқыту әдістемесі бойынша ұстаз атындағы республикалық ғылыми-әдістемелік зертхана филиалдарында жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстары бойынша постер көрмесі өтеді. Зертхана филиалдары зерттеу жұмыстарын қорғайды.

4.5. Өтетін уақыты: 9.30-10.30

4.6. Өтетін орны: мектептің 1-қабаты

4.7. Постер тақырыптарының үлгісі:

✓ Оқушылардың шығармашылығын арттыруда ертегілерді оқыту әдістемесінің рөлі қандай?

✓ Драмалық шығармаларды оқыту барысында театрлық тәжірибені (сахнаға шығару, рөлдік ойындар) қалай тиімді пайдалануға болады?

✓ Әңгіме жанрындағы шығармаларды талдауда оқушылардың сыни ойлауын дамыту үшін қандай әдістерді қолдану керек?

✓ Оқушыларға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағыт беру үшін мұғалім қандай стратегияларды қолдана алады?

✓ Лирикалық оқыту әдістемесі арқылы оқушылардың эмоциялық және сезімдік қабылдауын қалай дамытуға болады?

✓ Мұғалімнің ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағыт беру технологиясы оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға қалай ықпал етеді?

✓ Проблемалық талдау әдісін қолдану әдеби шығармалардың мазмұнын тереңірек түсінуге қандай мүмкіндік береді?

✓ Әдеби шығармаларды проблемалық талдау арқылы алынған білім оқушылардың шығармашылық дамуына қалай әсер етеді?

✓ «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын сабақта қалай тиімді қолдана аламыз?

✓ Әдеби шығармаларды оқып-үйрену барысында қолданылатын әдіс-тәсілдердің оқушылардың сыни ойлауына ықпалы қандай?"

✓ Батырлар жырын оқытуда оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін қандай стратегияларды қолдануға болады?

✓ Мұғалімнің бағыт беруі оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген қызығушылығын қалай арттырады?

✓ Батырлар жырын оқыту әдістемесі арқылы оқушылардың патриоттық сезімін қалай дамытуға болады?

✓ Поэма-дастандарды оқыту әдістемесі арқылы оқушылардың ұлттық мәдениет және тарихқа деген қызығушылығын қалай арттыруға болады?

✓ Драмалық шығармаларды оқыту барысында театрлық тәжірибені қалай пайдалануға болады?

✓ Ертегілерді оқыту әдістемесі арқылы моральдық және этикалық құндылықтарды қалай дамыта аламыз?

✓ Әдебиет, психология және өнер пәндерімен байланыс орнатуда лирикалық оқыту әдістемесінің рөлі қандай?

4.8. Постерді рәсімдеу бойынша ұсыныстар

Постер мазмұны:

✓ зерттеу проблемасы/ фокусы;

- ✓ зерттеу мақсаты;
- ✓ зерттеу объектісі;
- ✓ зерттеу өзектілігі;
- ✓ зерттеудің теориялық негіздемесі;
- ✓ зерттеуді жүргізу кезеңдері;
- ✓ зерттеу әдістері;
- ✓ зерттеу нәтижелері/зерттеудің аралық нәтижелері;
- ✓ қорытынды және ұсынымдар;
- ✓ қолданылған әдебиеттер.

Постерді безендіруге ұсыныстар:

- ✓ мәтінді және визуалды ақпараттың (диаграмма, график, кестелер, т.б.) үйлесімділігі;
- ✓ оңай оқылатын, стандартты шрифттерді (мысалы, Arial, Times New Roman) қолдану;
- ✓ мәтіндік ақпарат (түйінді идеялар және қорытынды) постердің 30% көлеміне орналастыру;
- ✓ материалды визуалды қабылдау үшін түстерді 3-тен артық қолданбау, түс үйлесімділігіне мән беру, контрасты комбинациялар таңдау;
- ✓ зерттеу жұмысын 70% көлеміне диаграмма, кесте, график және фотолар арқылы ақпарат беру;
- ✓ 3-тен артық фотоны қолданбау;
- ✓ жұмыстың есебі емес зерттеу нәтижелерінің болуы;
- ✓ мектеп және зерттеу шеберхана атауын көрсету, жалпы зертхана жұмыстарын қосымша постерге QR кодпен беруге болады.

Постерді ұсыну формасы:

- ✓ постердің баспа нұсқасын және оны орналастыру құрылғысын шара басталмай тұрып 1 сағат бұрын алып келіп, орналастыру қажет;
- ✓ постер өлшемі: биіктігі – 180 см, ені – 80 см, белгілеген өлшемді сақтау;
- ✓ қосымша постердің электронды нұсқасын 2024 жылдың 25 қарашаға дейін k_bitibayeva.konkurs@astana-modern.edu.kz электронды поштасына жіберу;
- ✓ файлдың атауын берілген үлгіде ұсыну қажет: өңір, мектеп атауы болуы керек.
- ✓ Постер үлгісі:



4.9. Постер қорғау тәртібі:

- ✓ аудиторияның назарын аудару және уақытты тиімді пайдалану, регламент – 5-7 минут;
- ✓ қорғаушы адам саны – 1-2;
- ✓ ереженің 4.6 бөліміне сай реттілікті сақтау;
- ✓ постер бөлімдерін (кіріспе: зерттеу тақырыбының маңыздылығын, өзектілігін және зерттеу сұрағын қысқаша түсіндіру, негізгі: қолданылған әдістер мен

тәсілдер өзектілігі, теориялық негіздемесі, зерттеуді жүргізу кезеңдері, зерттеу әдістері туралы нақты әрі қысқаша айту, қорытынды: негізгі зерттеу нәтижелерін көрсетіп, оларды түсіндіру, графиктер мен кестелердің маңызын түсіндіріп, оларды тиімді пайдалану) негізгі тәртіппен қорғау;

✓ қорғап біткеннен кейін тыңдаушылар тарапынан сұрақтар қойылуы мүмкін, зерттеудің әдіснамасы, нәтижелері және болашақ зерттеулер туралы сұрақтарға дайын болу;

✓ постерде барлық ақпаратты қамту мүмкін болмағандықтан, қажет болса қосымша мәліметтерді немесе диаграммаларды қолдану;

✓ аудиторияның назарын аудару және уақытты тиімді пайдалану;

✓ постерді қорғау кезінде тым көп мәліметтерді айту мүмкін болмағандықтан зерттеудің негізгі тұстарын анық, нақты түсіндіру қажет.

4.10. Зерттеу мақаласының талаптары:

✓ тақырыптың өзектілігі;

✓ тақырыптың анықтығы мен дәлдігі;

✓ мақала мазмұнының зерттеу тақырыбына сәйкестігі;

✓ педагогикалық зерттеудің әдістері мен нәтижелерін сипаттау;

✓ мақала тек сипаттама түрінде емес, аналитикалық сипатта болуы;

✓ нақты практикалық мысалдарды сипаттау және оларды тақырыпты таңдаумен және мәселенің өзектілігімен салыстыру;

✓ зерттеу нәтижелеріне негізделген ұсыныстар;

✓ әдебиеттер тізімі;

✓ екі тілде (қазақ, ағылшын) аңдатпа және түйінді сөздер жазылады.

Мақаланың техникалық рәсімделуі :

✓ ғылыми мақаланың көлемі шектеулі (баспа мәтінінің көлемі 4-5 беттен аспауы керек, қағаз өлшемі – А4, портреттік бағдар, барлық жағынан 2,5 см, Times New Roman, түсі – қара, қаріп өлшемі – 14; 1,5 жоларалық интервал), сілтемелер болуы;

✓ мақаланың құрылымы: Тақырып. Автор(лар)дың (2 адамнан артық емес) ТАӘ, өңірі, білім беру ұйымы толық құжаттың оң жағына қарай орналасуы керек;

✓ аңдатпа (250 сөзден аспау);

✓ тақырыппен танысу, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау, тақырыптың өзектілігін сипаттау;

✓ берілген тақырып бойынша өткен зерттеулерді егжей-тегжейлі тексеру, қолданылған әдебиеттер тізімі;

✓ зерттеуде қолданылатын әдістердің сипаттамасы;

✓ сурет-кескіндердің көлемі мақала көлемінің 1/4 бөлігінен аспау;

✓ нәтижелерді түсіндіру, өткен зерттеулермен салыстыру, заңдылықтарды анықтау;

✓ қорытындылау, негізгі қорытындыларды анықтау және одан әрі зерттеу перспективалары болуы керек.

V. III кезең: «Жадымда тұрар жаңғырып...» пленарлық отырыс

Өтетін уақыты: 10.30-12.00

Өтетін орны: Мәжіліс залы

Қаралатын мәселелер:

✓ «Дәуірдің дара ұстазы»

✓ «Жадымда тұрар жаңғырып...»

✓ «Қ. Бітібаеваның ұстаздық тұлғасы және мұғалімнің лингвоаксиологиялық құзыреттілігі»

✓ «Қ. Бітібаеваның қазіргі кезең әдебиетін оқыту әдістемесі»

✓ «Қ. Бітібаева – қазақ педагогикасының реформаторы, инноватор ұстаз»

✓ «Қ. Бітібаеваның әдебиетті тереңдете оқыту бағдарламасы мен «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының ерекшелігі»

- ✓ «Қ. Бітібаева педагогикалық идеяларының жаңартылған оқу бағдарламадағы көрінісі»

VI. IV кезең: «Қ. Бітібаева әдістемесі» 2 тәжірибелік алаңы жұмыс жүргізеді.

Өтетін уақыты: 13.00-14.30

Өтетін орны: 1-алаң жұмысы мектеп кітапханасында, 2-алаң жұмысы Мәжіліс залында өтеді.

1-алаң: «Қ. Бітібаева және ағ зерттеулері»

Қаралатын мәселелер:

- ✓ «Қ. Бітібаева педагогикалық идеяларының жаңартылған оқу бағдарламасындағы көрінісі»
- ✓ «Креативті жазылымға дейінгі оқушы әрекеттері мен тапсырмалардың Қ. Бітібаева әдіс-тәсілдерінде»
- ✓ «Қ. Бітібаева және креативті жазылым түрлері, жету жолдары»
- ✓ «Эмоционалды интеллект және Бітібаева әдістемесіндегі оқушының эмоционалды интеллектісін дамыту жолдары»
- ✓ «Жаңартылған оқу бағдарламасындағы әдеби сын мақсатының Қ Бітібаева әдістемесіндегі көрінісі»
- ✓ «Мұғалімнің кәсіби дамуы: Қ. Бітібаеваның әдістемесін қолдану»
- ✓ «Қ. Бітібаева сабақтарының құрылымы мен қазіргі сабақ құрылымдарындағы ерекшеліктер мен үндестіктер»
- ✓ «Қ. Бітібаева әдістемесіндегі құндылықтар көрінісі мен қабілеті»
- ✓ «Сыныптан тыс оқудан сыни ойлауға дейін»

2-алаң: «Қ. Бітібаева әдістемесі: әдебиетті тереңдетіп оқыту»

Қаралатын мәселелер:

- ✓ «Қ.О.Бітібаева әдістемесі мен халықаралық мектеп үндестігі»
- ✓ «Лирикалық шығармаларды оқытудағы Қ. Бітібаева әдістемесінің өміршеңдігі»
- ✓ «Көркем шығарманы оқытудың жаңашылдық сипаты»
- ✓ «Жыраулар поэзиясын оқыту»
- ✓ «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытудағы Қ. Бітібаева әдістемесі мен «Сторителлинг» әдісінің үйлесімділігі»

VII. СЕМИНАРДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

- ✓ Семинар көрмесіне қатысушылар және семинар спикерлер Әдістемелік орталықтың Сертификаттарымен марапатталады. Мақалалар жинағы мен постер жұмыстары ЭО сайтының «Бітібаева әдістемесі» парақшасына ілінеді.
- ✓ Семинар материалдары (постер, мақала) қайтарылмайды, мерзімінен кеш жіберілген жұмыстар қабылданбайды.
- ✓ **Қосымша:** туындаған сұрақтар бойынша +7 778 112 6012 №72 МЛ мұғалімі Ж. Адильбекованың телефон нөміріне хабарласа аласыздар.